

СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

*Абилькасова К.Б., заң факультетінің магистранты
Ильясова Г.А., з.ғ.к., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Қазақстан азаматтық сот ісін жүргізуде соңғы жылдары сапалы өзгерістер біртіндеп жүзеге асырылуда. Солардың ішінде маңыздысы болып әркімнің соттық қорғану туралы жолдану құқығын іске асыруға кедергілер заңнамалық деңгейде алынып тасталды, сөйтіп қазіргі уақытта соттық тәжірибе толығымен конституциялық қағида ретінде әркімнің соттық қорғану құқығын бекітетін ҚР Конституциясының талаптарын орындауға бағытталған.

Аталмыш тақырып бойынша біршама жарияланған ғылыми және тәжірибелік сипаттағы еңбектер баршылық, авторлармен зереттеу тақырыбына қатысты әртүрлі пікірлер айтылған. Іс жүргізу құқығы бойынша әдебиеттерде көпшілік авторлар сот талқылауын жеке сатыға бөліп қарастырады, бірақ кейбір авторлар сот талқылауын бірінші сатыдағы сотта іс жүргізудің ішкі сатысы ретінде қарастырған жөн деп санайды. Мәселен, азаматтық іс жүргізу құқығының кейбір ғалымдары И.К. Пискарев, П.Я. Трубников және басқалары сот талқылауын азаматтық іс жүргізудің дербес сатысы ретінде санайды. Сонымен бірге, сот талқылауы азаматтық іс жүргізудің басқа сатыларының ішінде орталық орынға ие болады, «басты», «негізгі» саты деп те атайды [1, 5; 2, 286].

Басқа авторлар сот талқылауын екі мағынада түсіндіреді. Мәселен, И.М. Зайцев сот талқылауын азаматтық сот ісін жүргізудің процессуалдық қызметі ретінде қарастыра отырып, келесідей пайымдайды: біріншіден, сот талқылауы деп мақсаты бірінші сатыдағы соттың азаматтық істі қарауы және шешуі болып табылатын азаматтық іс жүргізудің құрамдас бөлігі (процессуалдық саты); екіншіден, сот талқылауын азаматтық сот ісін жүргізудің дербес процессуалдық қызметі ретінде қарастыру қажет [3, 10]. Мұндай түсінік сот талқылауында мақсатына қарай іске асырылатын әрекеттерге талдау жүргізуден туындайды. Сот талқылауының қызметін процессуалдық құқық қатынастарының және оған қатысушылардың ерекше құрамы, құқық қолданудың юрисдикциялық түрі және іске асырылатын заңдық құралдардың жүйесі ажыратады. Бұндай қызмет іс жүргізуді қозғаудан басталады және шешім шығарумен аяқталады.

З.Х. Баймолдина сот талқылауын азаматтық сот ісін жүргізудің процессуалдық қызметі ретінде түсінумен келіспейді. Автордың пайымдауынша, бұл жағдайда сот талқылауы бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу өндірісімен ұқсастыққа ие болады, бұл, әрине дұрыс емес деп атап көрсетеді. Аталған сот талқылауының ұғымы анықсыз және жалпы болып табылады, екі ұғымды: «процессуалдық институттар» және «процестің сатылары» ұғымдарының араласуына әкеліп соғады. Мұндай сипаттаманы азаматтық істі қозғауға, сот талқылауына істі дайындауға, сол сияқты кез келген іс жүргізу сатысына беруге болады [4, 37-38].

Азаматтық іс жүргізу ғылымының келесі үшінші топ өкілдері сот талқылауы азаматтық іс жүргізу сатысы деген пікірді жоққа шығарады. Атап айтқанда, М.А. Гурвич, М.С Шакарян сот ісін жүргізу сатысы ретінде бірінші сатыдағы сотта іс жүргізуді тану қажет, оған азаматтық істі қозғаудан бастап сот шешімін шығарғанға дейін жүзеге асырылатын процессуалдық әрекеттер енеді деп тұжырымдайды [5, 242]. Іс жүргізу сатысын бөлу процессуалдық әрекеттердің жақын мақсатына қарай емес, аяқталу белгісі бойынша жүргізіледі. Азаматтық іс жүргізу теориясында қалыптасқан тұжырымдама бойынша, іс жүргізудің дербес сатысын анықтау оның аяқталуына қарай болады. Осы тұжырымға сәйкес, жоғарыда аталған авторлар сот талқысы азаматтық іс жүргізудің дербес сатысы болып табылмайды, ол - бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу сатысының бөлігі.

Соңғы тұжырыммен біз де келісеміз, себебі теориялық тұрғыда дәлелденген деп санаймыз. Өйткені, сот талқылауында бірінші сатыдағы сот пен азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың істі қарастыру мен оны негізі бойынша шешуге бағытталған процессуалдық әрекеттер жүзеге асырылады. Сот талқылауының мақсаты – азаматтық істі мәні бойынша қарау және шешу. Осы кезеңде сот оның алдында тұрған негізгі міндеттерді орындайды: істі мәні бойынша қарау; тараптар арасындағы даулы құқықтық қатынастарды реттеу; соттық қызметтің тәрбиелік әсерін қамтамасыз ету, заңды және жеке тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделері мен бұзылған құқықтарын қалпына келтіру. Мұнда әділ соттың барлық қағидалары толығымен жүзеге асырылады; дәлелдемелерді жан-жақты және объективті зерттеулер негізінде істі дұрыс шешу үшін маңызды болып табылатын мән-жайлар анықталады; нақты құқықтардың шегінде

тараптардың құқықтары мен заңды міндеттері анықталады және дау бойынша сот мемлекет атынан шешім шығарады. Нағыз осы сатыда сот төрелігі жүзеге асырылады. Сот талқылауында заңдарды бұлжытпай орындау және жалпыға бірдей ережелерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында соттардың азаматтардың санасына әсер етуі қамтамасыз етіледі.

Сонымен, сот талқылауы дегеніміз бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу сатысының бөлігі, сот отырысы нысанында жүзеге асырылатын азаматтық істі мәні бойынша қарау мен шешуге бағытталған бірінші сатыдағы соттың және азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың процессуалдық әрекеттері.

Азаматтық іс жүргізуде қолданылатын екі ұғымды салыстыру да қажет: істі талқылау мен істі қарау ұғымдарының айырмашылығын анықтау маңызды.

З.Х. Баймолдина сот талқылауы деп кез келген істі қарауды емес, істі мәні бойынша шешу мақсатында қарау деп түсінуді ұсынады. Себебі, барлық жағдайда істі қарау оны шешуге бағытталма бермейді. Мәселен, кассациялық сатыдағы сотпен де іс қаралады, бірақ оның мақсаты төменгі деңгейдегі соттардың актілерінің заңдылығын және негізделуін тексеру болып табылады. Кассациялық сатыдағы сот материалдық-құқықтық дауларды мәні бойынша қарамайды. Сондықтан «сот талқылауы» термині кассациялық сатыдағы сотта қолданылмайды [4, 39].

Азаматтық процесілік кодекстің 184-бабына сәйкес, сот азаматтық істі талқылауды сот отырысында жүргізеді. «Сот талқылауы» және «сот отырысы» ұғымдарының да айырмашылығын қарастырған жөн. Өйткені, ғылыми әдебиетте екі ұғымның арақатынасы туралы даулы пікірлер айтылады.

А.Ф. Клейнман келесідей пайымдайды: аталған ұғымдар ұқсас және бір мағынада болады [6, 227].

П.П. Гуреев келесідей пікір айтады: сот отырысы – азаматтық істерді талқылаудың нысаны болып табылады [7, 18]. Бұл пікірді дамыта отырып, И.М. Зайцев бұл ұғымдар бір бірімен мәнді ажыратылады, олар мазмұны (сот талқылауы) және нысаны (сот отырысы) ретінде арақатынаста болады деген қорытындыға келеді. Бұдан басқа, нақты бір азаматтық іс бойынша сот талқылауы бір емес, бірнеше сот отырысында жүзеге асырылады деп атап көрсетеді [8].

Осындай пікірді И.К. Пискарев та жазады. Ол мәні бойынша істі қарайтын сот отырысының тәртібі азаматтық іс жүргізудің басқа сұрақтарын шешетін, мәселен, іс жүргізу мерзімін қалпына келтіру туралы, сот тапсырмасын орындау туралы, сот шешімін түсіндіру туралы сот отырысын жүргізу тәртібінен ажыратылады деп дұрыс атап көрсеткен [9, 286].

З.Х. Баймолдинаның пікірінше, сот талқылауы мен сот отырысы уаықты бойынша да сәйкес келмейді. Нақты азаматтық іс бойынша сот талқылауы шешім немесе ұйғарым шығарумен бітеді, ал сот отырысы осы іс бойынша сот талқылауын кейінге қалдыру немесе іс жүргізуді тоқтата тұру туралы ұйғарыммен аяқталуы мүмкін. Бұл сот талқылауы сот отырысымен салыстырғанда ұзаққа созылатын процессуалдық құбылыс болып табылады дегенді білдіреді [4, 40].

Сот отырысы сол сияқты кассациялық сатыдағы сотта да сот актілерін қайта қарау кезінде өткізілетінін тағы білеміз. Демек, сот талқылау мен сот отырысының арасындағы тығыз байланысты атап көрсете отырып, оларды екі түрлі мағына беретін ұғым ретінде танимыз. Сот талқылауы сот отырысы нысанында жүзеге асырылады.

Азаматтық істер істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде қаралып, шешіледі. Жұмысқа қайтадан алу, әке болуды анықтау және алименттерді өндіріп алу туралы азаматтық істерді, сондай-ақ ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істерін сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде қарайды және шешеді. Азаматтық істердің жекелеген санаттары үшін заңдарда өзге мерзімдер белгіленуі мүмкін (АПК-нің 183-бабы).

Сот талқылауы өткізілетін сот отырысын бөліктерге бөлу қалыптасқан. Себебі, сот отырысының әрбір бөлігінде жүзеге асырылатын процессуалдық әрекеттердің өз мақсаты бар және азаматтық істі талқылаумен байланысты нақты сұрақтарды шешеуге бағытталған.

Бір топ авторлар сот талқылауы сатысын бес дербес бөліктерге бөледі: әзірлік, істі мәні бойынша қарау, жарыссөз, прокурордың қорытындысы, сот шешімін шығару. Келесі авторлар тек төрт бөлікке бөледі: соттағы жарыссөз бен прокурордың қорытындысын біріктіреді [10, 31].

Сот талқылауының әзірлік бөлімі істі негізі бойынша қарастыру үшін қажетті жағдайлардың бар немесе жоқтығын тексеруге бағытталған процессуалдық әрекеттердің жүйесін құрайды. Бұл сатыда істі мәні бойынша шешу бойынша атқарылатын әрекеттерді тиісінше іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасалады.

П.П. Гуреевтің пікірінше, әзірлік бөлімінің міндеті осы сот отырысында істі қарау және шешу үшін қажетті жағдайлардың бар болуын тексеру болып табылады [7, 21].

П.Я. Трубников эзірлік бөлімінің міндетін келесідей айқындайды: сот осы сот отырысында істі мәні бойынша толық және дұрыс қарау мүмкіндігін туындататын барлық мәселелерді анықтайды және шешеді. Эзірлік бөлімінде сотпен шешілетін келесі негізгі сұрақтарды атап көрсетеді: осы сот құрамымен істі қарау; жиналған дәлелдемелермен істі қарау және шешу; іске қатысушылардың бірі келмей қалған жағдайда істі қарау және шешу [11, 105].

ҚР АПК (189-200-баптар) сот отырысының эзірлік бөлімін жүргізу тәртібін келесідей қарастырады:

1) Сот отырысының ашылуы (АПК-нің 189-бабы);

Төрағалық етуші сот отырысын ашады және қаралуға жататын іс туралы, сондай-ақ сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдары пайдаланылатыны туралы хабарлайды. Жабдықтың техникалық ақауы болған, оның болмауы немесе оны техникалық себептер бойынша қолдану мүмкін болмаған жағдайларда сот отырысын аудио-, бейнежазба құралдарының көмегімен жазып алу жүзеге асырылмайды. Аудио-, бейнежазба құралдарын пайдалану мүмкіндігінің болмауы сот отырысы жалғаспайды дегенді білдірмейді. Аудио-, бейнежазба құралдары пайдаланылмауының себептері сот отырысының хаттамасында міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

Сот отырысын ашу іске қатысушылардың келу-келмеуіне тәуелсіз жүзеге асырылады. И.К. Пискарев атап көрсеткендей, іске қатысушылардың бірінің келмеуіне байланысты заңмен белгіленген тәртіпті сақтамай сот талқылауын кейінге қалдыру сот отырысына келген тұлғалардың процессуалдық құқықтарын шектейді және іс бойынша түсінік беру, өтініш білдіру, қарсылық білдіру құқықтарын іске асыру мүмкіндігенен айырады [9, 289]. Сол себепті заңнамада сот отырысын жүргізу тәртібінің құқықтық реттелуі маңызды екенін байқаймыз.

2) Процесске қатысушылардың келуін тексеру (АПК-нің 190-бабы);

Сот отырысының хатшысы осы іс бойынша шақырылған тұлғалардан кімнің келгенін, келмеген тұлғаларға хабар берілгенін не берілмегенін және олардың келмеу себептері туралы қандай мәліметтердің бар екенін сотқа баяндайды. Төрағалық етуші келгендердің жеке басын анықтайды, сондай-ақ өкілдердің өкілеттіктерін тексереді.

3) Аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру (АПК-нің 191-бабы);

Төрағалық етуші аудармашыға сот ісі жүргізіліп отырған тілді білмейтін адамдардың түсіндірмелерін, айғақтарын, мәлімдемелерін, ал осы адамдарға іске қатысатын тұлғалар мен куәлардың түсіндірмелерінің, айғақтарының, мәлімдемелерінің, жария етілетін және істе бар құжаттардың, дыбысжазбалардың, сарапшылар қорытындыларының, мамандар консультацияларының, сондай-ақ судья өкімдерінің, сот шығарған сот актілерінің мазмұнын аудару міндетін түсіндіреді.

Төрағалық етуші аудармашыға көрінеу қате аударма жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жауаптылық туралы ескертеді. Аудармашының бұл туралы қолхаты сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

ҚР АПК-нің 191-бабы сурдоаудармашыларға да қолданылуы тиіс, яғни саңырау, мылқау адамдарға түсіндіретін аудармашы ретінде қатысқанда да қолданылуы тиіс деп атап көрсетеді И.К. Пискарев [9, 289].

4) Куәларды сот отырысы залынан шығару (АПК-нің 192-бабы);

Келген куәлар сот отырысы залынан шығарып жіберіледі. Төрағалық етуші жауап алынған куәлардың жауап алынбаған куәлармен сөйлеспеуі үшін шаралар қолданады.

5) Сот құрамын жариялау және қарсылық білдіру құқықтарын түсіндіру (АПК-нің 193-бабы);

Төрағалық етуші сот құрамын жариялайды. Сот құрамын жариялағанда төрағалық етуші әуелі өзінің аты-жөнін айтады. Содан кейін прокурор, сарапшы, маман, сот отырысының хатшысы ретінде кімдердің қатысып отырғанын хабарлайды және іске қатысатын тұлғаларға олардың қарсылық білдіру құқығын түсіндіреді.

Одан әрі төрағалық етуші іске қатысушыларға қарсылық білдіру құқығын түсіндіреді. Қарсылықтар білдіру үшін негіздер, мәлімделген қарсылықты шешу тәртібі және осындай мәлімдеулерді қанағаттандырудың салдары осы Кодекстің 38, 39, 40, 41 және 42-баптарында айқындалады.

Қарсылық судьяға, прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, сот отырысының хатшысына білдірілуі мүмкін.

ҚР АПК-нің 38-бабы бойынша, судьяға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер: судья, егер ол:

1) осы істі осының алдында қараған кезде медиацияны жүргізген судья, прокурор, куә, сарапшы, маман, аудармашы, тараптың немесе үшінші тұлғаның өкілі, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы ретінде қатысқан болса;

2) іске қатысатын адамдардың немесе олардың өкілдерінің бірінің туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болса;

3) істің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса не, егер оның бейтараптығына негізді күмән тудыратын өзге де мән-жайлар болса, істі қарауға және шешуге қатыса алмайды және оған қарсылық білдірілуге (өздігінен бас тартуға) тиіс.

АПК-тің 38-бабы бірінші бөлігінің 2), 3) тармақшаларында көрсетілген қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер сот отырысына қатысатын прокурорға, сот отырысының хатшысына, маманға, аудармашыға, сарапшыға да қолданылады.

Сарапшы, маман, аудармашы бұдан басқа, егер:

1) ол іске қатысатын адамдарға немесе олардың өкілдеріне қызмет бабымен немесе өзгедей тәуелді болса немесе тәуелділікте болып келсе;

2) ол ревизия немесе тексеру жүргізіп, оның нәтижелері сотқа жүгіну үшін негіз болса не осы азаматтық істі қарау кезінде пайдаланылса;

3) оның құзыретіне жатпайтындығы анықталса, оның ішінде іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау оның арнайы білімдерінің шегінен шықса, сот істі қараған және шешкен кезде сот отырысына қатыса алмайды.

АПК-тің 38, 39-баптарында көрсетілген мән-жайлар болған кезде судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, сот отырысының хатшысы өздігінен бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Іске қатысатын адамдар сол негіздер бойынша қарсылық білдіруге тиіс.

Қарсылық білдірудің (өздігінен бас тартудың) уәжі көрсетілуге және ол істі мәні бойынша қарау басталғанға дейін жазбаша түрде мәлімделуге тиіс. Істі қарау барысында қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) негізі сотқа немесе қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) мәлімдеген адамға істі қарау басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда, қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз берілуі мүмкін.

Прокурорға, сот отырысының хатшысына, маманға, сарапшыға, аудармашыға мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) сот қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) мәлімделген сот отырысында қарайды және шешеді.

Істі аудандық немесе оған теңестірілген сотта жеке-дара қарап жатқан судьяға қарсылық білдірілген (өздігінен бас тартылған) жағдайда бұл істі сол сотта басқа судья қарайды. Егер іс жүргізуінде іс жатқан сотта судьяны ауыстыру мүмкін болмаса, іс жоғары тұрған сот арқылы бірінші сатыдағы басқа сотқа беріледі.

6) Іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (194-бап);

Төрағалық етуші іске қатысатын адамдардың процесстік құқықтарымен және міндеттерімен танысқандығына көз жеткізеді, ал таныспаған жағдайда оларға ҚР АПК-нің 46-бабында қарастырылған құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Төрағалық етуші тараптарға ҚР АПК-нің 48-бабында қарастырылған дауды татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу немесе дауды заңда белгіленген басқа тәсілмен реттеу не дауды шешу үшін төрелікке жүгіну құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіреді.

7) Іске қатысатын тұлғалардың өтінішхаттарын шешу (195-бап);

Іске қатысатын тұлғалардың және өкілдердің істі талқылауға байланысты мәселелер бойынша өтінішхаттары іске қатысатын тұлғалардың пікірлері тыңдалғаннан кейін шешіледі, бұл туралы сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

8) Іске қатысушы тұлғалардың сот отырысына келмеуіне байланысты салдарды түсіндіру (196-бап);

Іске қатысатын тұлғалар сот отырысына келмеу себептері туралы сотқа алдын ала хабарлауға және осы себептердің дәлелді екендігіне дәлелдемелерді ұсынуға міндетті. Іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі сот отырысына келмеген жағдайда, олардың тиісті түрде хабарландырылғаны туралы мәліметтер жоқ болса, істі талқылау кейінге қалдырылады.

Егер іске қатысатын тұлғалар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылса, олардың келмеу себептері тек дәлелді деп танылған жағдайда ғана сот істі талқылауды кейінге қалдырады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот істі осы Кодекстің 256-бабында көзделген негіздер бойынша сырттай іс жүргізуде қарауға құқылы.

Тараптар соттан істі олардың қатысуынсыз қарау және оларға шешімнің көшірмелерін жіберу туралы жазбаша нысанда өтінуге құқылы.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарландырылған іске қатысатын тұлға өкілінің келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Талап қоюшының, жауапкердің не үшінші тұлғаның өтінішхаты бойынша оның өкілінің сот отырысына дәлелді себеппен келмеуіне байланысты сот істі талқылауды кейінге қалдыруы мүмкін.

9) Куәлар мен сарапшылардың сот отырысына келмеуіне байланысты салдардың мәселелерін шешу (197-бап);

Сот отырысына куә, сарапшы немесе маман келмеген жағдайда сот іске қатысатын тұлғалардың істі олар жоқта қарау мүмкіндігі туралы пікірін тыңдайды және сот талқылаудың жалғастыру немесе оны кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Сот отырысына аудармашы келмеген жағдайда, егер аудармашыны алмастыру мүмкін болмаса, сот істі талқылауды кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Егер куә, сарапшы, маман немесе аудармашы сот отырысына сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша келмесе, олар сотты құрметтемегені үшін осы Кодекстің 119 және 120-баптарында көзделген тәртіппен әкімшілік жауапқа тартылуы мүмкін.

10) Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру (200-бап).

Төрағалық етуші сарапшыға оның процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, сарапшыға көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертеді, ол туралы сарапшыдан қолхат алынады. Қолхат сот отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

Маманға оның қажетті процестік әрекеттерді орындауда сотқа жәрдем көрсетудің процестік құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

Сот отырысының әзірлеу бөліміндегі мәселелерді шешкеннен кейін судья істі мәні бойынша қарастырады.

Істі мәні бойынша қарау (АПК-нің 201-216-баптары) төрағалық етушінің іс материалдарын жариялаудан басталады. Аталмыш бөлімнің міндеттері мынадай: талаптың пәні мен жауапкердің қарсылығын нақтылау; талапты және қарсылықты негіздейтін мән-жайларды анықтау; дауды бітім келісімімен шешуге ынтаның бар-жоғын анықтау; іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеу арқылы іс үшін маңызды мән-жайларды анықтау. Іске қатысушы тұлғалардың пікірлерін тыңдай отырып, судья істің мән-жайларын зерттеуге, дәлелдемелерді қарастыруға және тексеруге кіріседі: іске қатысатын тұлғалардың түсініктемелері тыңдалады, куәдан жауап алынады, жазбаша және заттық дәлелдемелер зерттеледі, дыбысжазба, бейнежазба, фото және кино материалдар тыңдалады және көрсетіледі, сарапшының қорытындысы зерттеледі, маманның түсіндірмесі тыңдалады.

Соттағы жарыссөз және прокурордың қорытындысын беру бөлімінде (АПК-нің 217-219-баптары) тараптармен бірге істің мән-жайлары мен дәлелдемелерді зерттеудің нәтижесі қорытындыланады. Іске қатысушы тұлғалар, олардың өкілдері сот мәжілісінде зерттелген барлық материалдардың негізінде өз пікірлері мен қорытындыларын жарыссөзге қатысып, білдіреді.

Прокурор мен өкілдер өз қорытындыларын тек қана сот мәжілісінде зерттелген дәлелдемелер негізінде анықталған фактілерге және аталмыш құқықтық қатынастарды реттеуші құқықтық нормаларға сілтеме жасай отырып негіздеуі тиіс.

Сот шешімін шығару және жариялау бөлімінде (АПК-нің 221-222-баптары) сот талқысы қорытындыланады. Бұндағы міндеттің маңыздылығы мен жауаптылығына байланысты істі дұрыс шешуге барлық жағдайларды қамтамасыз ету қажет. Сондықтан да шешім шығару үшін судья кеңесу бөлмесіне баруы тиіс.

ҚР АПК-нің 223-бабына сәйкес, істі мәні бойынша шешетін бірінші сатыдағы сот актісі шешім нысанында шығарылады. Сот шешімді Қазақстан Республикасының атынан шығарады. Сот шешімі заңды және дәлелденген болуы тиіс. Шешім төрағалық етушімен немесе бір судьямен жазбаша түрде шығарылады, шешімді қабылдауға қатысқан судьялар қолдарын қояды, сонымен қатар жеке пікірі болған судья да оны көрсете отырып, қолын қояды. Шешім іс бойынша қолданылуға жататын материалдық және процессуалдық құқық нормаларына сәйкес шығарылса заңды болып табылады. Шешімде оны орындау мерзімі көрсетілуі тиіс.

Қолданыстағы Азаматтық процестік кодекстің қабылдануымен бүгінгі күні сот ісін жүргізуде информациялық ақпараттарды қолдану мүмкіндігі кеңейтілуде. Сот отырысының барысын бейне жазбаларға жазып алу міндетті түрде жүзеге асырылып, тараптардың барлығы оның көшірмесін

және жазбаларды алуға құқығы бар. Яғни, сот отырысынң ашықтығы соттардың жұмысының ашық болуын көрсетеді.

Сот талқылауында татуластыру рәсімдері жиі қолданыла бастады. Татуластыру тек қана медиаторлармен емес, сондай-ақ бірінші сатыдағы және апелляциялық сатыдағы судьялармен, адвокаттармен жүзеге асырылады. Татуластыру кеңінен қолдану сот жүйесінің жүктемесін азайтып, дауларды шешу уақытын азайтуға мүмкіндік береді. Егер татуласу тараптармен өзара келісілген болса, онда бұл тараптардың арасындағы дау түпкілікті шешіледі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Трубников П.Я. Судебное разбирательство гражданских дел - М.: Госюриздат, 1962. - 102 с.
- 2 Гражданский процесс. Учебник / Аргунов В.Н., Борисова Е.А., Иванова С.А., Кудрявцева Е.В., и др.; Под ред.: Треушников М.К.. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Городец, 2000. - 672 с.
- 3 Зайцев И.М. Судебное разбирательство - процессуальная функция гражданского судопроизводства // Вопросы теории и практики судебного разбирательства гражданских дел: Сб. науч. тр. / Отв. ред. М.А. Викут, И.М. Зайцев. - Саратов, 1988. - 155 с.
- 4 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в двух томах. Т.2. Особенная часть. Учебник. - Алматы: КазГЮА, 2001. - 468 с.
- 5 Шакарян М.С. Гражданское процессуальное право. - М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2004. — 584 с.
- 6 Клейнман А.Ф. Гражданский процесс. Учебник. - М., 1954. - 407 с.
- 7 Гуреев П.П. Судебное разбирательство гражданских дел. - М.: Госюриздат, 1958. - 100 с.
- 8 Викут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России. - М.: Юрист, 1999. - 384 с. // <http://www.bibliotekar.ru/grazhdansiy-process-1/index.htm>
- 9 Гражданский процесс. Учебник / Аргунов В.Н., Борисова Е.А., Иванова С.А., Кудрявцева Е.В., и др.; Под ред.: Треушников М.К.. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Городец, 2000. - 672 с.
- 10 Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы (Ерекше бөлім): Оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. - 290 б.
- 11 Трубников П.Я. Вопросы гражданского процесса в практике Верховного Суда СССР - М.: Юрид. лит., 1979. - 240 с.

АДВОКАТСКАЯ МОНОПОЛИЯ

*Алиева Л.Р., м.ю.н., старший преподаватель кафедры гражданского и трудового права
Жамбурбаева С., студентка 3 курса юридического факультета
КарГУ им. академика Е.А.Букетова*

Термин «адвокат» произошел с латинского языка от слова «advocatus», которое означало «приглашенный» и в свою очередь происходило от «advoco», то есть «призываю, приглашаю».

На первом этапе формирования адвокатуры предусматривалась самозащита: лицо самостоятельно определяло, когда его право нарушено, находило нарушителя и применяло в отношении этого лица определенные меры принуждения.

Следующим этапом закреплялось, что истец не всегда желал или по определенным причинам не мог отстаивать свои нарушенные права и, таким образом, защита поручалась родственникам и близким людям.

В последующем данную обязанность стали брать и посторонние лица, действовавшие в своих целях или за обусловленное вознаграждение[1]. Именно с этого периода в истории судопроизводства появились адвокаты, то есть приглашенные защитники.

Изначально адвокатура признавалась свободной структурой и адвокатской деятельностью мог заниматься любой желающий гражданин, не имеющий специального образования. Однако в связи с усложнением отношений, складывавшихся в политических, экономических, социальных сферах, и необходимостью защиты чужих интересов на более профессиональном уровне, была создана коллегия юристов - защитников, с появлением которых для осуществления этой услуги внесены новые условия, такие как: успешная сдача экзаменов по праву и нахождение претендента на адвокатскую должность в списке лиц на высшем доходном уровне.

Адвокатами могли стать лишь знающие и понимающие законы настолько, чтобы разъяснить лицу не только допущенные в отношении него нарушения, но и последствия этих действий.